

Қаралды:
Гуманитарлық пәндер

Келісемін:
Директордың бейіндік оқыту

Бекітемін:

ОБ отырысында қаралды
Харагизова Н.С.
№ 4 хаттамасы
« 12 » 12 2025ж.

жөніндегі орынбасары
Болат А.
« 12 » 12 2025ж.

«Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макипск қаласының мектеп-лицейі» КММ
директоры Серік Н.
« 12 » 12 2025ж.

«Өлкетану» факультативтік курстың бағдарламасы

Сынып: **6 «А»**

Математика пәні мұғалімі: Ергенбай Г.Е

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

1. Бағдарламаның өзектілігі

«Өлкетану» курсы – оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыруда және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды орын алады. Оқушылар өз өлкесінің (Ақмола облысы мен Астана қаласының) географиялық ерекшеліктерін, табиғи ресурстарын, тарихи-мәдени мұраларын, сондай-ақ заманауи даму әлеуетін терең менгеру арқылы туған өлкесінің өткені мен бүгінгісін байланыстыра алады. Өлкетану білімі оқушының дүниетанымын кеңейтіп, оны отансүйгіштікке, экологиялық мәдениетке және тарихи мұраны құрметтеуге баулиды.

2. Мақсаты

Оқушыларға Ақмола облысы мен Астана қаласының табиғаты, географиясы, тарихы мен мәдениеті, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жүйелі білім қалыптастыру; оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытып, туған жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

3. Міндеттері

Білімділік: Ақмола облысының рельефі, климаты, су және биологиялық ресурстары, тарихи оқиғалары, ұлы тұлғалары мен Астана қаласының даму тарихы туралы білім беру;

Дамытушылық: Оқушылардың зерттеу, іздену, картамен және дереккөздермен жұмыс істеу, жобалық жұмыстарды орындау және талдау жасау қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелік: Туған өлке табиғатын қорғауға, тарихи-мәдени ескерткіштерге құрметпен қарауға, отаншылдыққа және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.

4. Күтілетін нәтиже

Құрс соңында оқушылар:

Ақмола облысының географиялық орнын, климаты мен табиғи ресурстарын сипаттай алады;

Өлкенің тарихи кезеңдері, тарихи ескерткіштері (Бозоқ қалашығы ж.т.б.) мен танымал тұлғаларын біледі;

Астана қаласының елдің мәдени, білім және спорт орталығы ретіндегі маңызын түсінеді;

Ақмола облысының туристік бағыттарын (Щучье-Бурабай, Зеренді т.б.) және ауыл шаруашылық әлеуетін біледі;

Туған өлкеге қатысты шағын зерттеу және жобалық жұмыстарды өз бетінше немесе топта орындай алады.

5. Оқу процесін ұйымдастыру нысандары

- Дәстүрлі сабақтар: Дәріс, әңгімелесу, білімді жүйелеу мен қорытындылау сабақтары;
- Практикалық және зерттеу жұмыстары: Картамен жұмыс, жобалық жұмыстарды қорғау («Менің өлкем – менің мақтанышым» ж.т.б.);
- Экскурсиялық жұмыстар: Өлкетану мұражайларына, тарихи және табиғи орындарға виртуалды немесе шынайы экскурсиялар ұйымдастыру;
- Топтық және жұлтық жұмыстар: Пікірталастар, презентациялар дайындау, шығармашылық тапсырмалар орындау.

Күнтізбелік- тақырыптық жоспар
Өлкетану факультатив жоспары, 6 сынып
Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағат

Бөлім тақырыптары		Сабақтардың тақырыбы		Сағат т саны	Мерзімі	Ескерту
		1 - тоқсан				
1	1-бөлім: "Ақмола Облысының табиғаты мен географиясы"	1. Өлкетану – туған жерді тану ғылымы. Ақмола облысы туралы жалпы мәлімет		1	04.09.2025	
2		2. Облыстың географиялық орны және жер бедері: таулар, жазықтар		1	11.09.2025	
3		3. Облыстың климаты: ерекшеліктері мен ауа рай		1	18.09.2025	
4		4. Облыстағы су ресурстары: Есіл, Нура өзендері және көлдер		1	25.09.2025	
5		5. Ақмола облысының топырақ жамылғысы мен өсімдіктер әлемі		1	02.10.2025	
6		6. Облыстың жануарлар әлем		1	09.10.2025	
7		7. Облыстағы экологиялық мәселелер және қорғау шаралары		1	16.10.2025	
8		8. Қорытынды сабақ: "Менің өлкемнің табиғаты"		1	23.10.2025	
		2- тоқсан				
9	2-бөлім: "Өлкенің тарихи-мәдени мұрасы"	1. Ақмола облысының ежелгі тарихы		1	06.11.2025	
10		2. Орта ғасырдағы өлкеміздің тарихи оқиғалары		1	13.11.2025	
11		3. Өлкедегі тарихи ескерткіштер: Бозок қалашығы		1	20.11.2025	
12		4. Алаш қозғалысы және Ақмола облысы		1	27.11.2025	
13		5. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы өлке тарихы		1	04.12.2025	
14		6. Ақмола өлкесінің танымал тұлғалары		1	11.12.2025	
15		7. Өлкедегі салт-дәстүрлер мен көпөнер		1	18.12.2025	
16		8. Қорытынды сабақ: "Туған өлкенің тарихы"		1	25.12.2025	
		3- тоқсан				
17	3-бөлім: "Астана – Қазақстанның жүрегі"	1. Ақмоладан Астанаға дейін: елорданың тарихы		1	15.01.2026	
18		2. Астананың көрікті жерлері: Бәйтерек, Хан Шатыр		1	22.01.2026	
19		3. Елордадағы мұражайлар мен театрлар		1	29.01.2026	

20	4. Астананың ірі өнеркәсіп орындары	1	05.02. 2026	
21	5. Астана қаласы – білім мен ғылым орталығы	1	12.02. 2026	
22	6. Елордадағы көлік және қатынас жүйесі	1	19.02. 2026	
23	7. Астанадағы спорт кешендері	1	26.02. 2026	
24	8. Зиялылар саябағы және оның тарихи маңызы	1	05.03. 2026	
25	9. Астана – болашақ қаласы	1	12.03. 2026	
26	10. Қорытынды сабақ: "Елорда – біздің мақтанышымыз"	1	19.03. 2026	
	4- тоқсан			
27	4-бөлім: "Туған өлкені таныту"	1	02.04. 2026	
28	1. Ақмола облысының ауыл шаруашылығы	1	09.04. 2026	
29	2. Туристік әлеует: Щучье-Бурабай курорттық аймағы		16.04. 2026.	
	3. Туристік бағыттар: Көкшетау, Зеренді, Бураба	1		
30	4. Менің өлкем – менің мақтанышым" жобалық жұмыс	1	23.04. 2026	
31	5. Өлкетану мұражайлары	1	30.04. 2026	
32	6. Өлкетану – табиғат пен тарихты тану	1	07.04. 2026	
33	7. Өлкетану пәні бойынша білімдерді жүйелеу	1	14.05. 2026	
34	8. Жылдық қорытынды сабақ: "Ақмола облысы – ұлы даланың жүрегі"	1	21.05. 2026	

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» ҚР Заңы.
2. Ақмола облысының энциклопедиясы / Бас ред. Б. Ғ. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2009.
3. Қазақстанның физикалық географиясы (6–7 сыныптарға арналған оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтар). – Алматы: Атамұра / Мектеп.
4. Өлкетану: Ақмола облысы (Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу құралы). – Астана: «Арман-ПВ» / «Атамұра».
5. Маратов А., т.б. *Ақмола өлкесінің тарихы мен географиясы*. – Көкшетау, 2018.
6. Марғұлан Ә. Х. *Ежелгі мен орта ғасырдағы Қазақстан тарихы мен мәдениеті*. – Алматы, 2010.
7. Ақмола облысының табиғаты және оны қорғау (Ғылыми-практикалық мақалалар жинағы). – Көкшетау, 2020.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Т. Мұсақұлов «Ботаника»
2. П. А. Генкель «Физиология растений»
3. Л. В. Кудряшов, и др. «Ботаника с основами экологии»-М.,- Просвещение,-1979
4. С. Н. Коновалова. «Сборник развивающихся задач по ботанике: для 6-7 классов» - Кокшетау: «Келешек-2030», - 2008.
5. А. Ф. Мазурина «Наблюдения и труд детей в природе»М.- Просвещение,-1976
6. Н. А. Пугал, Д. И. Трайтак. «Кабинет биологии»-М., Владос, 2000
7. А. В. Яблоков. «Актуальные проблемы биологической науки»-М., Просвещение,- 1984
8. Г. Г. Захарченко. «Лабораторные работы по изучению полевых культур»- М., Владос, - 2003
9. Авторы-сост. А. А. Боднарук, Н. В. Ковылина. «Занимательные материалы и факты по общей биологии» - Волгоград, -Учитель, 2005.
- 10.<http://www.zoodrug.ru/topic1917.html>
- 11.<http://www.biologes.ru/metodicheskaya-kopilka/>